

OZEN

“ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ” АҚ КОРПОРАТИВТІ ЖУРНАЛЫ
№8 (90) 2023 ЖЫЛ





“ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ” АҚ КОРПОРАТИВТІ ЖУРНАЛЫ

МЕНШІК ИЕСІ:

«Өзенмұнайгаз» АҚ
№8 (90) 2023 жыл

Журнал ҚР Ақпарат және
коммуникация министрлігінде
есепке алынып, №16077-Г куәлігі
берілген.

**ЖҰРТШЫЛЫҚ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК
ОРҒАНДАРМЕН БАЙЛАНЫС БӨЛІМІ**

БАС РЕДАКТОР:

Бибігүл БӨБЕКБАЙ

ШОЛУШЫ:

Арғын БИСЕНОВ

ТІЛШІЛЕР:

Жәзира АҚБЕРГЕН
Айман МАДРЕЙМОВА
Талғат САТЫБАЛДЫ

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН ЖАЙЫ:

ҚР, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен
қаласы, Сәтбаев көшесі, 3-ғимарат,
426-кабинет, 8 /72934/ 63445

Шығу жиілігі айына 1 рет.
Журнал материалдарын
көшіріп басуға редакция
рұқсаты қажет

Журнал «АТИС» ЖШС
баспаханасында басылды

БІЗГЕ ЖАЗЫЛ:

FACEBOOK



TELEGRAM



INSTAGRAM



TIKTOK



ТҮБЕКТІ ТҮЛЕТКЕН МҰНАЙШЫЛАРҒА ЕСКЕРТКІШ ҚОЙЫЛДЫ

№8 2023

Маңғыстаудың мұнай саласын өркендетуге өлшеусіз үлес қосып, ерен еңбек еткен барлаушы-мұнайшыларға Түбіжік жерінде ескерткіш тақта орнатылды.

Маңғаз өлкеде ең алғаш бұрғы салған майталмандардың құрметіне арналған шарада алдымен бүгінде марқұм болған ардагер-мұнайшылардың рухына құран бағышталып, Жаңаөзен қаласының құрметті азаматы Асылбек Айдаров баяндама жасады. Сондай-ақ Өзен мұнайын ашушы, даңқты мұнайшы Болатбай Қарамұрзаев өткен шақтың естелігімен бөлісіп, сыр шертті.

– Түбіжіктегі экспедиция мүшелері мұнай іздестіру-барлау жұмысының нәтижесінде Жетібай мен Өзен алаңында 1961 жылдың шілде мен желтоқсан айында мұнай мен газ-

дың мол қоры табылуына байланысты осы екі өңірге бөлініп көшті. Түбіжік алаңын барлаушылар жаңадан ашылған алаңда еңбек етіп, сол жерде пайда болған елдімекен, қала тұрғынына айналды. Олардың ұрпақтары бүгінде Өзен, Ақтау, Алматы, Астана т.б. жерде өмір сүріп жатыр, – деді Болатбай Қарамұрзаев.

Ескерткіш тақтаның лентасын қию құрметіне Болатбай Қарамұрзаев пен Түбіжікке түскен алғашқы келін, қазір 92 жастағы зейнеткер Жақсыбай Қойшыбаевтың зайыбы Асыл ие болды.

Бастамашы топ ескерткіш орнатуға қолдау білдіріп, үлес қосқан Жаңаөзен қаласы әкімдігіне, Түпқарған әкімдігіне, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Бұрғылау» ЖШС ризашылығын білдірді.



«ҮЗДІК МАМАН-2023»

«Үздік маман» шеберлік байқауының II туры шілде айында компанияға қарасты өндірістік басқармалардағы жұмысшы мамандықтары арасында өткен еді. Мұнда 100-ден аса қызметкер он бір мамандық бойынша бақ сынады. Олардың арасында ұзақ жылдық тәжірибесі бар

мұнайшылар да, қатарға енді қосылған жас мамандар да болды.

Жарыста кәсіби білігі мен дағдысы бойынша оза шауып, жүлделі орын иеленгендерді бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары Жанболат Саймағанбетов құттықтап, салтанатты түрде

«Өзенмұнайгаз» АҚ

«ҮЗДІК МА
te

КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК БАЙҚАУЫ II ТУРЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

марапаттады.

– Дәстүрлі байқау мұнайшы мамандығының имиджін көтеріп, білімі мен білігін арттыруға зор үлес қосады. Бұл ретте шеберлікті шыңдауға белсенділік танытқаныңыз үшін алғыс айтамын. Сіздердің ерқайсыңыз үздіктің үздігі атануға ла-

йықсыз. Алға ұмтылыс, талпыныс керек, – деп атап өтті Жанболат Амангелдіұлы.

Сонымен қатар шарада басқарма басшылары сөз алып, игі тілектерін жеткізді. Жеңімпаздар I, II, III дәрежелі Дипломмен марапатталды.





ЖАҢАӨЗЕН ПАРАЛИМПИДАШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиев жаңаөзендік «Алға» спорт клубының паралимпиадашыларымен кездесті

Клубта волейболды отырып ойнаумен, тұрып ойнаумен, жағажай волейболы, үстел теннисі, қоларба биі және ауыр атлетика сияқты спорт түрлерімен айналысуға болады.

«Алға» спортшылары бірнеше рет Қазақстан чемпионы, халықаралық жарыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері атанған.

Былтыр жаңаөзендіктер еліміздің ұлттық құрамасының сапында Малайзияда

өткен Паралимпиада ойындарында үш қола медаль жеңіп алды. Биыл шілдеде Астанада өткен Азия чемпионатында жаттықтырушы Құралбек Сейдов бастаған Маңғыстау параволейболшылары Қазақстан құрамасының сапында келесі жылы Парижде өтетін XVII Жазғы Паралимпиада ойындарына жолдама жеңіп алды.

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы мен оның еншілес кәсіпорны «Өзенмұнайгаз» «Алға» клубын қолдап, спорттық жабдықтармен қамтамасыз етуге, жарыстарға дайындалуына ұзақ уақыттан бері қол ұшын созып келеді.



ҚМГ БАСШЫСЫ ЖАҢАӨЗЕНДЕ ЕҢБЕК ҰЖЫМДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма Төрағасы Мағзұм Мырзағалиев Маңғыстау облысына жұмыс сапары барысында ҚМГ еншілес кәсіпорны «Өзенмұнайгаздың» жерасты жабдықтарын жөндеу және диагностикалау жасау цехына барды.

Аталған цех жылына 400 мың сорғы-компрессор құбырларды, 300 мың сорғы штангаларын, 10 мың штангалы терең сорғыларды жөндеуге мүмкіндік береді. Цехтың ТМД елдерінде баламасы болған жоқ. Алайда жылдар өте келе жөндеу жабдықтарының тозуына байланысты оның жұмыс тиімділігі төмендеді.

Осыған байланысты жөндеу жабдықтарын жаңарту жоспарланып отыр. ӨМГ бас директоры Нұрдәулет Килыбайдың айтуынша, жаңғырту жұмысы диагностика және жөндеу желісінің өнімділігін арттырады.

ҚМГ басшысы цех жұмысымен танысқаннан кейін «Өзенмұнайгаздың» мердігер ұйымдарының өкілдерімен кездесті. Жиында қызмет көрсететін және жөндеу жұмыстарымен айналысатын ұйымдардағы еңбек ұжымдарының әлеуметтік жағдайы талқыланды.





«МАМАНДЫҒЫМ МАҚТАНЫШЫМ» БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

Мұнайшы деген мәртебелі мамандықтың мерейін өсіріп, ел экономикасына сүбелі үлес қосушы жұмыскердің шығармашылық қабілетін шыңдау мақсатында «Мамандығым – мақтанышым» байқауы жарияланған болатын.

Қатысушылар компания бас ғимаратына шақырылып, байқау нәтижесімен танысты. Жұртшылық және мемлекеттік органдармен байланыс бөлімі басшысы м.а. Арғын Бисенов құттықтау сөз сөйледі.

– Байқау жарияланғалы ой-қиял ұшқырлығын көрсеткен 5 шығарма келіп, оның біреуі орыс тілінде жазылды. Қатысушылардың барлығы мұнай газ өндіру басқармаларының мұнайшылары. Бұл көңілге үлкен қуаныш ұялатты. Алдағы

уақытта басқа да жұмыскерлердің белсенділік танытуына сіздер себеп боласыздар, – деді А.Бисенов.

Редакция алқасының шешімі бойынша №4 МГӨБ дәнекерлеушісі Ақылбек Іліков жеңімпаз деп танылды. Додаға келген жұмыстар облыстық газетте жарияланып, қатысушыларға имидждік өнім табыс етіліп, бас директор Нұрдәулет Қилыбайдың атынан Алғыс хат берілді.

– Бірлігі бар ел озып, бірлігі жоқ елдің тозатыны бесенеден белгілі. Халқымыздың құтын қашырып, берекесін кетіретін дүрдараздықтан адам атаулы ада болғай деген тілегім бар. Мұнайымыз таусылмасын, – дейді жеңімпаз Ақылбек Іліков.











VII СПАРТАКИАДАНЫҢ СУПЕРФИНАЛЫНДА ӨЗЕНМҰНАЙГАЗДЫҚТАР ТӨП ЖАРДЫ

Биыл «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобы арасында өткен VIII Спартакиадасының Суперфиналында өзенмұнайгаздықтар үстел теннисі мен қол күресінен бақ сынады.

Ауқымы үлкен болған шара 800-ден астам спортшы мен 80-нен астам команданы бір алаңда жинады. Бақтыбек Жақсылықов, Есенғали Рахман және Лаура Айтжанова компания намысын қорғап, жеңіс тұғырынан көрінді.

Елдік рухты бір ортада тоғыстырған спортшыларымызды Ақтау қаласындағы әуежайдан Әлеуметтік саясат жөніндегі басқарушы директор Бауыржан Жұбаназаров бастаған мамандарымыз салтанатты түрде қарсы алды.

– Сіздердегі ерік-жігер біздерге әрдайым жеңіс алып келеді. Компаниядағы корпоративті мәдениетті дамытудағы үлестеріңіз үшін алғыс білдіреміз, – деді ӘСЖӘҚД директорының орынбасары Алтынай Нұрмұханова.

Еске сала кетейік, Астана қаласында өткен VIII Спартакиада спорттың 10 түрінен өткізіліп, биыл киберспорт түрі қосылған болатын.

Бірлік пен ынтымақтастықтың бірегей атмосферасын спорт арқылы бірге жасап, жеңіске бірге жетеміз!










Өзен Мұнайгаз
АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО
ЕРЛІК ҚОҒАМЫ





ЖАҢА МОБИЛЬДІ КЕШЕН ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ



Компания техника-материалдық база мен жұмысшылардың еңбек жағдайын жақсартуды басты бағыттардың бірі деп айқындап, мейлінше қолайлы жағдай жасауға жұмыстанып келеді.

Жүйелі жұмыс нәтижесінде мұнайшыларға жаңа мобильді кешен табысталды.

Жылжымалы кешен далалық жағдайда еңбек ететін жұмыскерлерге жайлылық тудырып, қажетті заманауи құралдармен толыққанды жабдықталған.

– 24 сағат бойы үздіксіз, ауысыммен жұмыс істейтін біздер үшін мобильді кешеннің жаңаруы үлкен қуаныш. Табысқа жетудің төте жолы – мұнайшылардың жағдайын жасау деп білеміз, – дейді жаңа мобильді кешеннің кілтін алған бригада жұмыскерлері.





«БАЛАҚАЙДА»

33, 34-БАЛАНЫҢ ТҰСАУЫ КЕСІЛДІ

«Балақай» оңалту орталығында 33, 34-баланың тұсауы кесілді. Шараға Кен орын игеру департаменті директоры Жасұлан Рзаев пен Әлеуметтік саясат және әкімшілік қамту департаменті директоры Мұхамбетберді Суитов қатысты.

Департамент директорлары 1 жас 10 айлық егіздер Ғалымжан мен Аяжан Бердіханның тұсауын кесіп, басқан қадамына құт тіледі. Сондай-ақ ойыншық келік сыйға тартты.

– «Өзенмұнайгаз» мұнайшылары ел игілігі үшін әрдайым қол ұшын созуға дайын. Сәбилеріміз ешқашан ауырмасын,

болашағы тек жарқын болсын деген тілегіміз бар, – деді Жасұлан Берікұлы.


Көзіне еріксіз жас алған бүлдіршіндеріміздің әжесі орталық жұмысының толыққанды жұмыс жасауына сеп болып, жаңаөзендік балалардың емін-еркін ем алуына жағдай жасап отырған компания мұнайшыларына, «Балақайдың» мамандарына шексіз алғысын айтып, ризашылығын білдірді.

Ғалымжан мен Аяжанның жүрер жолы ұзын, шығар тауы биік, көрер қызығы мол болсын!



БАШКЕР ЗАЛЫ









ҚАРЖЫ САЛАСЫНЫҢ МАЙТАЛМАНЫ

«Өзенмұнайгаз» жүйесінде 27 жыл ерен еңбек етіп, қаржы саласының майталманы атанған Ғалымжан Оспановтың әкесі Майлыбай ақсақал да «Қарабұғаз-сульфат» деген мекемеде бас экономист болып еңбек еткен адам. Шешесі Рахима 10 құрсақ көтерген аяулы жан.

Әке жолын таңдаған Ғалымжан бала кезінен ақыл-ой сайыстыратын шахматты жақсы көрді және ойнады. Ойын баланың ойлау қабілеті мен ой ұшқырлығын арттырды.

Әкесі өте зерек Ғалымжанды Бекдашыдағы №3 орыс орта мектебіне берді. Белсенді, үлкенмен де, кішімен де тіл табыса білген және сабақ үлгерімі жағынан өзгелерден көш ілгері Ғалымжанды мұғалімдер болашағынан үлкен үміт күттіретін оқушы деп бағалады.

Компания басшылығы өзінің білігі мен білімінің арқасында жауапты қызмет атқарған Ғалымжан Майлыбайұлын іс пен сөзге берік кәсіби маман ретінде таныды.

Ал әріптестері Ғалекенді ақылды, қай-

ратты, білімді, жігерлі, кез келген жағдайда қиындықтан жол таба білетін тәжірибелі маман ретінде құрмет тұтты.

Адал азамат сенімге сызат түсірмей, мансап үшін емес, ел игілігі үшін еңбек етудің өнегесін көрсете білді. Ол бар күшін салып, ынта-жігермен компания шығынға батпаса екен, табысты болса екен деп жұмыс істеген жанның бірі әрі бірегейі.

«Ұлық болсаң, кішік бол» демекші, Ғалымжан Оспанов өте қарапайым адам. Ол қарамағындағылардың міндеттерін олардың білігіне сай бөліп беріп, жұмысты тиімді ұйымдастыра білді. Өзге басшылар сияқты шіренуді білмейтін тәрбиелі жан сенбіліктерге де қатысып, жігерлендіру арқылы қасындағыларды пайдасы ұшан-теңіз қол еңбегіне жұмылдыра білді.

– Сенбілік ұжымды біріктіреді. Достықты нығайтады. Миың артық ақпараттан тазарады. Денең қозғалып, құрыс-ты-

рысың жазылады. Бір сөзбен айтқанда, сүйек сықырлап, адам болып қаласың, – дейді Ғалымжан Оспанов.

Қаржы саласында талмай қажырлы еңбек ете жүріп, Өзен кен орны дамуына орасан зор үлес қосқан Ғалымжан Майлыбайұлына көп рахмет айтамыз.

Асыл жары Алтын екеуі Гауһар, Абзал, Санжар, Нұрсұлтан атты алтын асықтай балаларын қызықтап, кешегі еткен еңбегінің жемісін, рақатын көріп, бақытты да баянды ғұмыр сүрсін деген тілегіміз бар.





“ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ” АҚ БОЙЫНША 2023 ЖЫЛДЫҢ ТАМЫЗ АЙЫНА КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ ОРЫНДАЛЫСЫ




МҰНАЙ ӨНДІРУ:

ЖОСПАР 462 167
НАҚТЫ 375 080
АУЫТҚУ -87 087



ГАЗ КОНДЕНСАТЫН ӨНДІРУ:

ЖОСПАР 338
НАҚТЫ 363
АУЫТҚУ 25



МҰНАЙ ТАПСЫРУ:

ЖОСПАР 461 250
НАҚТЫ 384 432
АУЫТҚУ -76 818



Мамандығым Мақтаншыым

мұнайшы шығармашылығы
Ақылбек ІЛКОВ

Сәруар күз. Сағыныш мезгілі. Бұл әдет-тегідей сағыныш емес, бояуы басқа, болмысы бөлек көрініс. Іңірде шағылысқан тербелмелі мұнай қондырғыларының қозғалысы кербезденіп, қоңыр күздің салқынына масайрап тұр. Бір топ мұнайшылардың ақ каскасы күнмен шағылысып, алыстан мұнартады. Пай, шіркін, адал еңбек, маңдайынан қара тер ағып, қара майға шомылса да, өз ісіне көңілі жадыраған жандарды көріп, менің жүрегім жылыды. Оған тек мен емес, маң-маң басып, төліне асыққан аруана, жасыл кілемді аңсаса да, омырауынан қара сүті суалмаған жер ана тамсанып жатты. Мені қиял жүйрігім, бір топ мұнайшылар арасына сүңгітіп жіберді.

Таң сәріде шешемнің күрең қою шайын сіміріп отырып, сағаттың зыр еткенін байқамай, автобусқа әрең үлгеріп, көлікке ілестім. Бір мезетте мұнайшылар тұрағына жеткенде, сүт пісірім уақыт арасында бір топ мұнайшы біткен жиналып алып, бір-біріне сөз бермей күбір-күбір етеді. Көп ұзамай топ арасындағы ортақ әңгіме өлі әруақтарға ойысып, қыза бергенде дабыл қағылып, апыр-топыр автобусқа мініп, жолға шықтық.

Автобустың терезесіне телміріп отырғанда, басқа бір жұмбақ сырға сүңгітіп әкетті. Құдай-ай, толғанбай қарай алмайсың, жан жағындағы мұнараларға

көзің сүрінеді. Құдды бір Қаратау жөңкіп алдыңнан еңкейіп, ақ сапар тілеп тұрғандай, көк аспан болса, қол созып, тілекшімін деп қолдау білдіргендей, табан астындағы қара дария булығып күтіп жатқандай әсерленіп отырдым.

Сол әсермен судағы балықтай еркін жүзіп келе жатып, жұмыс орнымызға да жеттім. Көліктен түсер-түспес алдымнан бастығым шығып, «кешегі сен белгілеген интервальдан мұнайдың ұшқыны көрінді, жарайсың, сен білікті геолог боласың» деп құттықтап жатыр. Мен аң-таң, келгенім кеше, бала күндегі балалық арманым аласармағанын, алдамағанын ұғынғандай қуанып жатырмын. Өйткені, мені әкем Оразмағанбет Тұрмағанбетұлы атындағы мұнай және газ колледжіне оқуға түсірген. Ол кезде 15 жаста едім. Әкем Оразмағанбет Тұрмағанбетұлы ең алғаш кәсіби геолог, соның құрметіне қойған колледжде геолог мамандығын оқып шығасың деді. Мен де іштей, осындай дәрежеге жететін мықты геолог боламын деп армандаған едім. Сөйтіп, әке, сіз жетектеп апарған балаңыз бүгін үлкен өмірге жолдама алып, жетістікке жетіп жатыр деп олардың қуанғанын елестетіп, қиялдап келе жатқанымда, бір дауыс селт еткізді.

– Ақылбек, Ақылбек – деді. Мен тәтті қиялымды бұзғанына іштей қынжылдым



да, кішкенедең кейін шынайы қалпыма келдім, ау – дедім.

– Ауды көрсетемін. Не есің кетіп отыр, келдік, шық – деді. Сен жалқау, есің кеткенше жұмыс ізде, тым құрыса үйдің жұмысын жаса, арамтамақ болмай! Сенің қасыңда анау жатқан Ақтабан иттің асы адал! – дегені мені қажытты, салымды суға кетірді, иығым салбырап, сағым сынды.

Ер адамның еңбек етпегені іштей ауыр екен. Азамат бола тұра іс бітірмей, нәпақа таппай жүре алмадым.

Жұмыспен қамту орталығын күнде торуылдап, екі қолға бір күрек іздедім. Жоқ деген жауапты естуге құлағым үйреніп кетсе де, бой бермедім. Нар жүгін көтерген азамат емеспін бе?! Қыңырлығым ұстап, алған бетімнен қайтпадым. Себебі бұлтты жаңбырдан кейін күн шығатынына сендім, төздім, талпындым. Қажет

десеңіз тіпті оқыдым, білім алдым, сөйтіп мақсатыма жеттім. Қызметке орналас-тым-ау, әйтеуір! Жаңа жұмыстың иісі қандай ғажап!

«Өзенмұнайгаз» – біреуге арман, біреуге – дәреже, ал біреудің үйреншікті жұмысы! Мен үшін «Өзенмұнайгаз» ол кезде қол жетпес қиял ғана еді ғой. Санамда бір жылт етіп сөнген жұлдыздай ғана боп тұратын. Нан тапсам болды деп, елеңдеп жүргенде «Өзенмұнайгаз» туралы ойлауға да бата алмайтын едім. Тіпті ол кезде мені көргендер, қайдағы мұнай деуші еді.

Өйткені бұл жұмыс кез келгенге бұйыра бермейді. Білімді, ептілікті, талапшылдықты, төзімділікті, еңбексүйгішті талап етеді. Қолдан келсе іске дейтін жер бұл.

Ал қазір осы жерде бірнеше айдан бері еңбек етіп келемін. Тізілген тырналардай мұнайдың да ішінде салалары жік-жікке





бөлінеді ғой. Бала күнімде мен солардың ішінде геолог болуды армандадым. Бірақ бүгін дәнекерлеуші мамандығы бойынша қызмет етуемін. Ақ жүрегіме жалау еткен арманымды да өшірмей келемін.

Дәнекерлеуші – дәрежелі әрі қызықты мамандық. Мұнай өндірісінде бұл мамансыз жұмыс жүрмейді, оның үстіне бұл сіз бен біз білетіндей бірсарынды жұмыс емес. Көрген адам темірді сылап-сипап отыр деп ойлар, алайда бұл білімді қажет ететін сала. Алысқа көз жүгіртпей-ақ өзіміздің өңірде тәжірибелі, білімді дәнекерлеушілер тапшылық тудырып отыр. Осы тапшылықты жою мақсатында дәнекерлеуші мамандығын таңдап, мұнай саласының дамуына сүбелі үлесімді қосып келемін.

Мемлекетке барлық мамандық қажет. Алайда оны дұрыс таңдау – бағыңның ашылғаны, дұрыс таңдамасаң – тынысыңның тарылғаны. Әуелден жұрттың мамандық таңдаудан қателеспе деп жар салатыны да содан. Қазақ өзі үш-ақ ма-

мандықты біледі: қара жұмысшы, директор, бас директор. Оның араларындағы мың миллиондаған нұсқалы мамандықты ойламайды да.

Бәрі тек қарын қамын күйттегеннен туған қажеттілік.

Асылында қан сорған маса секілді халқыңнан пайда алуды емес, пайда беруді ойлау маңызды. Ел баласы боп жұртқа пайдаң тимесе, яки өзің сүйген ісіңмен қарық қып айналыспасаң азамат атыңнан не пайда?!

Отаныңа аянбай қызмет етіп, өз ісіңнің нағыз маманы болғанға не жетсін! Ер адам үшін одан артық бақ жоқ.

Біздер, дәнекерлеушілер, кез келген іске дәнекерміз. Жердің астындағы алтын «қара алтын» болса, жер үстіндегі алтын ол – дәнекерлеушілер!

Менің мамандығым мақтанышым! Ақ адал жұмысым. Менің сүйікті мамандығым.



КІТАП АДАМДЫ *өзгертеді*

Американың жазушысы Кристин Ханнаның «Бұлбұлын» оқуға кеңес береміз. Романда адамға тән нәрсенің бәрі бар, шынайы махаббат та, адал достық та, құрбандық та, жанкештілік те...

Бір деммен оқылатын дүние. Оқып отырып денең түршігеді, өкінесің, жылайсың, үміттенесің, риза боласың.

Дүниені шыр айналдырып, дүйім елдің быт-шытын шығарған соғыс азабының

қандай екенін бүкіл жан-дүниеңмен сезініп, Гитлер деген нақұрысқа лағнет айтасың.

Жарды жесір, баланы жетім еткен қасіретті жылдарда рухы сынбаған жандарға мың тағзым!

Оқуға рекомедтейміз. Оқыңыз, өкінбейсіз!



КИНО АДАМДЫ ӨЗГЕРТЕДІ

«Няня»

Отандық «Няня» (бала күтушісі) сериалын көруге кеңес береміз. Киноның бас кейіпкері, қит етсе жұдырық ала жүгіретін тиран күйеуінен қалаға қашқан Жанар деген келіншектің дымы жоқ. Баспанасы да, жұмысы да, бітірген оқуы да...

Әйтсе де, келіншектің бойында жақсылыққа деген сенім мен үміт бар. Ол жан бағу үшін байшыкеш отбасыға бала күтушісі болып жұмысқа тұрады.

Кинода материалдық молшылықтан бақыт таба алмай басын тауға да, тасқа да ұрып жүрген кейіпкерлер де жетіп артылады.

Жанардың Ілияс деген баласы ғайыптан тайып жақсы мектепке орналасады.

Баланы ортасы тәрбиелейтінін жақсы түсінетін анасы, балам жақсы аулада өсіп, жақсы мектепте оқыса екен деп армандайды.

Бақуатты отбасында өсіп жатқан Димаштың Жанардың тұрып жатқан жатақханасын көргенде "нағыз апокалипсис, мынау үңгір ғой" деуі көп нәрседен хабар береді.

Картина – қиюы кеткен тіршілікте болымсызға сіріңкедей шырт етіп, тұтана кетуге шақ тұрған шыдамсыз пенделер тағдырын арқау ете отырып, көрерменге ой тастайды.

Көріңіз, өкінбейсіз!





Ардақты әріптестер!

Мерейлі жасыңыз құтты болсын дей отырып, деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, ел игілігі үшін атқарып жүрген қызметіңізге табыс, өміріңізге береке тілейміз.

Әрқайсыңыз ерен еңбек ете жүріп, Өзен кен орны дамуына өлшеулі үлес қосып келесіз. Басшылық әрбіріңізді мұнай саласының майталман маманы ретінде өте жоғары бағалайды. Кәсібіңіздің жілігін шағып, майын ішіп, сол саланың шыңына шығып отырған тәжірибелі де білікті кез келгеніңізбен біз мақтанамыз. Үлгі-өнеге тұтамыз.

Арайлап атқан әрбір таң шаңыраққа құт пен береке әкелсін. Тойыңа жұрт жиылсын, Көңілге нұр құйылсын, Дәл осындай мерей жас, Біздерге де бұйырсын, – демекші тойыңыз тойға ұласып, 100 деген әдемі жасқа жетіңіз, қадірлі әріптестер!

Құрметпен, «Өзенмұнайгаз» АҚ еңбек ұжымы



ҚҰРМЕТТІ АРДАГЕРЛЕР!

Туған күн мерекесі құтты болсын. Құдай бақ берген мекенде ерен еңбек етіп, Өзен кен орны дамуына өлшеусіз үлес қосқан Сіздерге алғысымыз шексіз.

Ел игілігі үшін тынбастан еңбек етіп, өндірістің қиындыққа толы құбылыстарын бастан өткеріп, бейнетін арқалап, зейнетіне бөлену – кез келген адамның қолына түсе бермейтін бақыт.


Сіздердің адам қызығарлықтай мазмұнды өндірістік өміріңіз бізге үлгі-өнеге.

Қоғамның, ел мен жердің, отбасының алдындағы парызы мен қарызын азаматтықпен атқарып, Отанға адал қызмет етудің жарқын үлгісін көрсеткен Сіздерге мың алғыс.

Адам үшін ең қымбат нәрсе – оның өмірі мен денсаулығы. Аман жүріңіздер. Деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, мәнді де сәнді, ұзақ ғұмыр тілейміз.

**Бурыйш Шагилбаева
Абибулла Исаев
Калампыр Калиева
Узбекбай Исаев
Албямиш Бекенбаев
Айтбиби Коптилеева
Жамила Жалгасбаева
Жетиру Тулеев
Айтбай Таджимурадов
Сансызбай Туйешиулы
Султанбек Джумагалиев**

**Бердыбай Ерман
Турганкул Бектурсунова
Калдыбай Текешев
Жайли Шиндаулетова
Усембай Махашов
Темир Баймышев
Турак Утеев
Бисенгали Елдесов
Жарылгапберген Дуйсембаев
Аскарбек Бекбусинов
Суткенже Абдираманова**



since 1964

акционерлік қоғамы